

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

5. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері (көмекші оқу құралы). - Алматы, 1993. - 160 б.

ӘОЖ 811.512.122

## ПУНКТУАЦИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**Ермекқызы Аружан**

[aruzhan\\_yermekkyzy@mail.ru](mailto:aruzhan_yermekkyzy@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш. Қапантайқызы

Пунктуация – бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы. Термин латынның «punctum» – нүкте деген сөзінен алынған. Тыныс белгілері жазылған мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінуге, оның оқылуын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Пунктуациялық сауаттылық оқушылардың тіл мәдениетінің, ой-өрісінің, сөз байлығының нәтижесін көрсетеді. Тыныс белгілерден қате кететін болса, сөйлемнің мағынасы да, айтар ой да, экспрессивті-эмоционалды сипаты да жоғалады. Сондықтан пунктуация дұрыс болмаған жерде сөйлем де, мәтін де дұрыс болмайды. Сол себепті оқушылардың тыныс белгілерін орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі.

Оқушылардың пунктуациялық сауаттылығын, жазуда тыныс белгілерін дұрыс қою дағдысын қалыптастыру, пунктуациялық қағидаларды толық игерту мәселесі бүгінгі күні өте өзекті болып отыр. Шағын зерттеуімізде тыныс белгілерін қоюда қандай мәселелер туындайтынын анықтап, олардың салдарын анықтау, шешу жолдарын ұсыну мақсатын көздейміз. Нәтижесінде жұмысымыздың практикалық бөлігі ретінде тыныс белгілерінің түрлерімен таныстыру, олардың қойылу себептерін түсіндіру және пунктуациялық ережелерге сай тыныс белгілерін қоя білуге үйрету мақсаттарын көздейтін интерактивті тапсырмалар жүйесін ұсынамыз.

Тіл білімінде тыныс белгілеріне қатысты көптеген зерттеулер бар. Пунктуация және оны оқыту мәселелері А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Қ.Жұбанов, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, А.Қыдырниязова, Ф.Мұсабекова, А.Жапбаров, С.Жиенбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Профессор С.Жиенбаев: «Тыныс белгілері – синтаксистік категория. Сөйлем мүшелерінің өзара байланысу қағидаларын білмей тұрып, ол байланысты тыныс белгісі арқылы да белгілеуге болады», – деп тыныс белгілерінің маңызын көрсеткен болатын [1, 13].

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» еңбегінде тыныс белгілерінің 11 түрін көрсетеді: кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша. Нүктеге мынандай анықтама береді: «Ноқат (нүкте) «.» (ұлы тыныс). Бұл белгі: 1) Әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылады; 2) Мақала, кітап басының атауларынан соң қойылады; 3) Қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) Келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады». Осылайша, тыныс белгілерінің қолданылуы жайында ақпарат береді [2, 311].

Профессор А.Жапбаров: «Қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен, белгілі бір хабардың толық мазмұнын оқушыға жеткізеді. Ал мазмұнның жеткізілуі мәтіннің сауатты жазылуына байланысты. Сауатты жазу пунктуациялық норманы, ал пунктуация орфография ережелерін негізге алады. Сондықтан жазудың лингвистикалық ерекшелігі әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі жазуды, тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды», – деп, оқушының пунктуациялық сауаттылығын дамытуға баса назар аударған. Тыныс белгілерін орынды қолдану үшін қандай жаттығулар жасау керектігіне, оқыту әдістемесіне зор үлес қосқан [3, 37].

Тыныс белгілерін орынды қолдануда басшылыққа алынатын ұстанымдар жайында «Қазіргі қазақ тілі» оқу құралында былай делінген:

«Пунктуация – тыныс белгілерінің түрлерін және олардың әрқайсысының қызметін қарастырады. Тыныс белгісін қоюда басшылыққа алынатын принциптер:

1. Грамматикалық принцип дегеніміз тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою.

2. Мағыналық принцип дегеніміз сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздей қою.


3. Интонациялық принцип дегеніміз сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялармен синтаксистік тұлғалардың сазына, нақышына келтіріп айтылуына және естілуіне қарай қою» [4, 418].

Осы аталған ұстанымдарды негізге ала отырып, пунктуациялық дағдыны меңгеруге болады. Оқушыға пунктуациялық дағдыларды меңгертуде жаттығулардың алатын орны ерекше. Оқушылардың қазақ тілі грамматикасының ережелерін игеруі тәжірибелік іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады. Сондықтан әр ережені тәжірибе жүзінде, түрлі тапсырмаларды орындатып, оқушының білімін бекітуге болады деп ойлаймыз.

Төменде оқушының пунктуациялық сауаттылығын дамытуға бағытталған бірнеше интерактивті тапсырмалар түрлерін ұсынамыз. Тапсырмалар LearningApps платформасында дайындалған. Оқушының өздігінен жұмыс істеп, ойнап отырып ойланып, күрделі тілдік ережелерді жеңіл жолмен меңгеріп кетуіне көмегін тигізеді.

#### 1. «Көшіріп жаз» тапсырмасы (1-сурет).

Бұл жаттығуда оқушы қойылған тыныс белгілерге назар аударып, сөйлемдерді көшіріп жазуы керек. Жаттығудың мақсаты – оқушының тыныс белгілеріне қызығушылығын арттыру, байқағыштық қасиетін, жазу дағдысын дамыту. Нәтижесінде оқушы тыныс белгілерінің маңызын түсініп, емлесі жайында ақпарат алады.



1-сурет. «Көшіріп жаз» тапсырмасы

#### 2. «Мәтінді толықтыр» тапсырмасы (2-сурет).


Жаттығуды орындау барысында оқушы мәтінді мұқият оқып, бос орындарға тыныс белгілерін енгізуі қажет. Тыныс белгілерінің ерекшеліктерін, орнын және оның белгілері бойынша таңдау жасауы тиіс. Бұл жаттығу оқушының логикалық ойлау қабілетін дамытуға, сонымен қатар көркем әдебиет оқуға баулиды. Нәтижесінде оқушы әрі шығарма оқиды, әрі тыныс белгілерін қою дағдысын меңгереді.



2-сурет. «Мәтінді толықтыр» тапсырмасы

3. «Сәйкестік кестесі» тапсырмасы (3-сурет).


Жаттығу бойынша оқушы берілген ережелерді дұрыс бағанға орналастыру қажет. Мақсаты: сызықша мен дефистің емлесімен таныстыру, айырмашылығын меңгерту. Нәтижесінде оқушы сызықша мен дефистің айырмашылығын, белгілерін, қойылу ережесін меңгереді. Бұл жаттығуды нүкте, үтір, қос нүкте, үтірлі нүкте, т.б. тыныс белгілерінің айырмашылығын түсіндіруде де қолдануға болады.



3-сурет. «Сәйкестік кестесі» тапсырмасы

4. «Бәйге» тапсырмасы (4-сурет).

Жаттығу жарыс түрінде орындалады. Оқушы дұрыс жауапты таңдай отырып, бәйгеде жеңуі тиіс. Жаттығу оқушының бәсекеге қабілеттілігін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға, пунктуация саласына ынталандыруға бағытталған. Нәтижесінде оқушы пунктуациялық сауаттылығын арттырады, жылдам ойлауға дағдыланады, тыныс белгілерден қате кететін болса, сөйлемнің мағынасы өзгеретінін аңғарады.



#### 4-сурет. «Бәйге» тапсырмасы

Қорыта айтатын болсақ, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу – оқушының сөйлеу мәдениетін, жазу сауаттылығын дамытып, жетілдіреді, әрі синтаксисті жете меңгеруге көмектесетіні дау тудырмайды. Әрбір тыныс белгісі – сөйлемнің мағынасын айқындаушы көрсеткіш. Тыныс белгілерін орынды қолданатын оқушы өзінің де, басқалардың да ойларын жазбаша және ауызекі түрде дұрыс баяндап беруіне жәрдемдеседі. Олай болса, пунктуация дұрыс жазудың ғана құралы емес, дұрыс оқудың да, дұрыс түсінудің де құралы екенін ескере отырып, тыныс белгілерін оқытудың әдістемесіне баса назар аударуымыз қажет.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жиенбаев С. Сөйлемнің тыныс белгілері. – Алматы, 1940. – 28 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 б.
3. Жапбаров А. Оқушылардың тыныс белгілерді дұрыс қою икемділігі мен дағдыларын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Шымкент: «ИП Валиев» баспасы, 2011. – 249 б.
4. Қазіргі қазақ тілі: оқу құралы / Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым және т. б. – Алматы, 2005. – 535 б.

ӘӨЖ 811.512.122

### КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жакина А.

[zhakinaaizat@gmail.com](mailto:zhakinaaizat@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - С.С. Шоқабаева

Қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық тақырыбына қатысты зерттеулер Т.Қордабаевтың еңбектерінен басталады. Ғалымның: «Синтаксистік күрделі единицалар туралы қазақ тілі білімінде күні бүгінге дейін айтылған бір ауыз да пікір жоқ. Қазақ лингвистикасы құрмалас сөйлемнен үлкен синтаксистік единицаны әзірше білмейді. Неге олай? Қазақ тілінің синтаксистік құрылысында бірнеше дербес сөйлемдердің, соның ішінде құрмалас сөйлемдердің де бірігуі арқылы берілетін пікір күрделілігі жоқ па? Жоқ, олай емес. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында ондай синтаксистік күрделі шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да жиі кездеседі. Бірақ олар осы уақытқа дейін зерттелген жоқ» [1, 191] деген пікірінен бастап Р.Сыздық, Б.Шалабай, М.Серғалиев сынды зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасап, қазақ тіл біліміндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың стильдік қызметінің зерттелу жайын ретроспективті түрде зерделеу көркем шығарма тілі мен жазушы стилін талдау тұрғысынан да, қазақ тілінің дамыған ұлт тілі ретінде функционалды мүмкіндігін таныту тұрғысынан да аса маңызды.

Т. Қордабаев қазақ тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық ұғымына алғаш рет анықтама беріп қана қоймай, күрделі синтаксистік тұтастықтың белгілерін, құрмалас сөйлемнен айырмашылықтарын, жасалу тәсілдерін жіктеп көрсеткен. Ғалым қазақ тілінде күрделі синтаксистік тұтастықтың мынадай тәсілдер арқылы жасалатынын жазады:

1) Алдыңғы сөйлемде айтылған бір сөздің кейінгі сөйлемдерде есімдік түрінде қайталанып келуі;

2) Сөйлемдердің элепсис арқылы, яғни айтылуға тиісті сөздің я сөздердің кейінгі сөйлемдерде айтылмай түсіріліп қалуы;